

Кімге: ҚР-ның Білім-Ғылым Министрлігіне, ҚР-ның Оқу-Ағарту Министрлігіне

Автор: Дүйсенбекова Ләззат Серікқызы, Қазақстан Республикасының Денсаулық Сақтау Министрлігі Медициналық және Фармацевтикалық Бақылау Комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Департаментінде бас маман.

Күні: 22.10.2024

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Қазақстандағы жастар арасында жыныстық сауаттылықтың деңгейі туралы мәселелер

Кілт сөздер: жыныстық сауаттылық, жыныстық жолмен жұғатын инфекциялар, денсаулық, ерте жастағы жүктілік.

Зерттеу әдістері: салыстыра талдау (SWOT және PEST талдау).

Кіріспе

Жыныстық сауаттылық дегеніміз – жыныстық қарым-қатынастағы мәселелер мен оны шешу жолдары, сонымен қатар ұрпақты жалғастыру, сау қарым-қатынас құру жолдары туралы ұғым. Елімізде Қазақстан Республикасының Оқу-Ағарту Министрлігі «жыныстық тәрбие» сабағы жеке пән ретінде мектеп бағдарламасына енгізілмейтіндігін мәлімдеді [1]. Биология, сынып сағаттарында жасөспірімдерге, мектеп оқушыларына мен қозғап отырған тақырып бойынша ақпараттар айтылады. Дегенмен, зерттеулерге сүйенсек, бозбалалардың 73%, қыздардың 92% жыныстық сауаттылыққа қатысты сұрақтарын ғаламтордан табады. Ал қалған бөлігі өздерінің достарынан, құрбыларынан сұрайды [2].

Бұл мәселенің **өзектілігі** – жасөспірімдер және жастар арасындағы өз дене мүшесін атымен айта алмауы, жыныстық жолмен жұғатын инфекциялар мен ерте жүктіліктің жасөспірімдер мен жастар арасында белең алуы, өз өмірлеріне балта шабуы. Жоғарыда айтылғандардың ең басты себебі-жыныстық сауаттылықтың төмендігі.

«Саламатты Қазақстан» бағдарламасы аясында жасөспірімдер мен жастар арасындағы АИТВ инфекциясының таралуын азайту, сау ұрпақты дүниеге әкелу басты назарда.

Аналитикалық жазбаның мақсаты – жастар арасында жыныстық сауаттылық деңгейін арттырудың жолдарын қарастыру.

Негізгі бөлім

Жыныстық сауаттылық– адамның өзін-өзі қорғай алуы, өзін түсінуі.

Тақырыпты зерттеу барысында мен SWOT және PEST талдау әдістерін кешенді пайдаландым. Жыныстық сауаттылық мәселесінің жағымды жақтары:

Жасөспірімдер мен жастар өзінің денесі және ағзасында болатын өзгерістерден хабардар болады. Қазақтың арасында бала кезінен ең көп айтылатын сөздерді дәрекілікпен жеткізбей, барлығын өзінің атауымен айтқанда, ұл мен қыздың арасында өз денесіне деген зерттеуі, махаббаты ашылады, ағзасында болатын өзгерістерді қысылмай жеткізе алады. Анатомиялық және физиологиялық құбылыстарды жастайынан білу- жыныстық жолмен жұғатын инфекциялардың алдын алады, онымен қоса ерте жастағы жүктіліктен сақтанады.

Жасөспірімдер мен жастардың санасында жыныстық сауаттылық туралы терең білім болса, ол өз кезегінде мектептерде жасөспірімдер арасында, колледж бен ЖОО-ндағы студенттер арасындағы буллинг, жыныстық зорлық-зомбылық, суицид сияқты қоғамның «қорқынышты» көріністерінің азаюына жол ашады.

Жыныстық сауаттылық деңгейі көтерілгенде, қоғамда жеке шекара туралы түсінік орнайды, қалыптасады, яғни жасөспірімдер мен жастардың «интимді» жерлерін қорғай алу қабілеті пайда болады.

Мәселенің әлсіз және қауіпті жақтарына төмендегілер жатады:

Ұлттық тәрбиенің ықпалы, атап айтқанда қазақ халқының отбасысында «Жыныстық сауаттылық» тақырыбы ашық түрде жарияланбауы керек деген көзқарасты ұсынады. Ақпараттардың, дерек көздерінің дұрыс жеткізілмеуі, ғаламтордағы ақпараттар дұрыс бағытта берілмеу қауіпі де бар. Сонымен қатар салт-дәстүр және діни құндылықтардың сәйкес келмеуінің өзі тақырыптың әлсіз тұстарына мысал бола алады.

«Жыныстық сауаттылық» курстарына, оқу-бағдарламаларына қаржыландырудың жеткіліксіздігі деңгейді арттыруға кесірін тигізуі мүмкін. Сонымен қатар, осы курстарды оқыту барысында білікті мамандар тапшылығы кедергі болады.

Қазақстандағы жастар арасындағы жыныстық сауаттылықтың төмендігі мәселесіне саяси жағына әсерін қарастырсақ, саяси дауласулар, гендерлік теңдікті қалыптастыру, құқықтық қорғау, Заңның күшеюі туралы ақпараттарме байланысады.


Әлеуметтік әсері – ата-ананың қарсыластығы, қоғамдағы стереотиптердің өзгеруі, жыныс бойынша бөлінбей, араласады. Жасөспірімдік шақтан денсаулыққа немқұрайлы қарамау басталады. Әрбір адам өзін қорғап, жүзеге асыра алуы керек.

Экономикалық әсері– жыныстық сауаттылық деңгейін арттыру бойынша жобаларға көптеген қаражат бөлініп, жасөспірімдерге және жастарға арналған орталықтар ашылады. Жаңа жұмыс көздері пайда болады.

Технология әсері-онлайн оқыту түрі мен қосымшаларды ойлап табу керек деп ойлаймыз. Бұндай оқыту платформасы да бүгінгі жастар үшін өте тиімді болмақ.

15-19 жастағы азаматтар, азаматшалардың 15%-ы өздерінде жыныстық жолмен тарайтын инфекцияның белгілерін байқаған, 29,4% жыныстық қарым-қатынасқа түскен [3].

Сурет 1. Жастар арасындағы жыныстық қарым-қатынас көрсеткіші



Статистикалық деректерге сүйенсек, жоғарыда көрсетілген гистограммада (Сурет-1), жастардың 65%-ы жыныстық жолмен жұғатын инфекцияны тез арада емдеу керек екендігін түсінбейді, 47%-ы қауіпсіз аборттың салдарын білмесе, 20%-ы жыныстық қарым-қатынас кезінде қорғанбайды [4]. Бұл көрсеткіш-жастардың «жыныстық сауаттылық» туралы білмейтіндігінің дәлелі екендігін айқындайды

АИТВ таралуы


91% 15-19 жасында АИТВ/ЖИТС туралы ақпараттан хабары болмаған.

Сурет 2. АИТВ деректері



Сурет 2-де көріп тұрғандай, АИТВ деректері еліміз бойынша, Қарағанды облысында-34 жағдай, Алматыда-23 жағдай, Шығыс Қазақстан және Нұр-Сұлтанда 20 жағдай, Жамбыл облысында 19 жағдай тіркелген [5]. Бұл мәселе Қазақстандағы жасөспірімдер мен жастардың болашағын, жыныстық жолмен жұғатын инфекцияның, әсіресе Адам Иммунды Тапшылығы вирусының салдары неге әкеп соғатындығы алаңдатады.

Сурет3. Ерте жүктіліктің салдарының көрсеткіші



Әлеуметтік зерттеулерге сүйенсек, 15-19 жас аралығындағы қыздардың 16,7%-ы алғаш рет жүкті болған, оның ішінде (Сурет 3) 62%-ы босанса, 22%-ы түсік тастаған, ал 16%-ында түсік тастау жағдайлары орын алған [3]. Ерте жүктіліктің соңы-қоғамнан шектеуге, өз-өзіне қол жұмсауға, екінші рет «ана» болу мүмкіндігінен айырылу қауіпі өте жоғары деңгейде екендігін көрсетеді

Халықаралық тәжірибе.

1955-жылы Швецияда «жыныстық сауаттылық» туралы білім беру мектеп бағдарламасына енген. Жасөспірімдер мектепте жыныстық сауаттылық жайлы курс өтеді, онда жыныстық қарым-қатынас, жүктілік және жыныстық жолмен жұғатын инфекциялар жайлы ақпараттар ашық түрде талқыланады. Мұғалімдер балалармен дебат, әртүрлі ойындар арқылы жыныстық сауаттылықты дамытуды көздейді. 11 жастан бастап жыныстық жетілу және ағзаның дамуы туралы білім беріледі. 14 жасында жыныстық жолмен жұғатын инфекцияларды танып-білсе, 9-сыныптан бастап қарым-қатынас төңірегінде ашық сөйлеседі.

Италия мемлекетінде ДДСҰ бекіткен жалпы стандартқа сай жыныстық сауаттылық туралы курстар өткізеді, ол шешімді жергілікті билікте отырған адамдар қабылдайды. Эмилья-Романьяда ойындармен, мультфильмдермен, презентациялармен түсіндіретін, көрсететін портал ашылған. Барлық материалдар 8-10 жас аралығы, 11-13 жас, 14-19 жас аралығы деп бөлінген.

Канада мемлекетінде жыныстық сауаттылық барлық мектепке міндетті пән ретінде мектеп бағдарламасына енгізілген. Альберта

провинциясында жыныстық сауаттылық «Денсаулық және өмірге керек қабілеттер» 4-9-сыныпта, «Мансапты және өмірді басқару» 10-12-сыныпта өтетін курстың бөлігі болып табылады. Жыныс туралы кеңес және білім беру Канада Кеңесінің деректеріне сүйенсек, 2021-жылы ата-ананың 85%-ы жыныстық сауаттылықтың міндетті түрде мектеп бағдарламасына кіруіне келісімдерін берген. Олардың ойынша, курс-ұл мен қыздың арасындағы қарым-қатынас орнату қабілеттерін, денсаулықтарын мектеп жасынан күту, жыныстық ориентация, қауіпсіз жыныстық қарым-қатынасқа түсу және қорғану жолдарын қамтиды [6].

Қорытынды.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы жыныстық сауаттылық деңгейіне қатысты мәселелердің шешімін табу-жастардың сауатын, санасына әсер ететіні сөзсіз.

Саралай келе, жастар арасында жыныстық сауаттылықтың деңгейін көтеру мәселесіне қатысты төмендегідей шешімдерді ұсынамын.

Біріншіден, мектептер мен колледждерде жыныстық сауаттылықты қамтитын арнайы курстар енгізу. Бұл курстар жыныстық білім, денсаулық, келісімділік және жауапкершілік туралы ақпарат беруге бағытталуы тиіс;

Екіншіден, жастар мен ата-аналар үшін ақпараттық науқандар ұйымдастыру. Бұл науқандарда жыныстық сауаттылықтың маңыздылығы, қауіпсіз жыныстық қатынас және жыныстық денсаулық мәселелері туралы түсінік берілуі керек;

Үшіншіден, Жастарға арналған жыныстық сауаттылыққа қатысты ресурстар, кітаптар мен интернет-платформаларды құру. Мұндай ресурстарда нақты, ғылыми негізделген ақпарат ұсынылуы тиіс;

Төртіншіден, жастар мен олардың ата-аналарына жыныстық сауаттылық тақырыбында психологтардан кеңес беру қызметтерін ұсыну. Бұл қызметтер арқылы жастар сұрақтарына жауап ала алады;

Бесіншіден, қоғамдық ұйымдар мен жергілікті билікпен бірігіп, жыныстық сауаттылықты көтеру жөніндегі жобаларды жүзеге асыру. Оның ішінде мамандарды дайындап-шығару басты орында.

Жазба жұмысында жасөспірімдер арасында буллинг, суицидтің алдын-алу, жыныстық жолмен жұғатын инфекциялармен таныстырып, олардан қорғану жолдарын көрсету, ерте жүктілікті болдырмау туралы ақпараттар еліміз бойынша көрсеткіштер арқылы салыстыра талданды.

ҚР Конституцияның 1-бабында «Мемлекеттің қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [7],- деген ой оралымдары әрбір отандасымыздың сауатты әрі салуатты өмір сүруге құқылы екендігін танытады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.«Қазақстанда жыныстық сауаттылық туралы пән енгізілмейді»
<https://kz.kursiv.media/2024-02-01/zhrb-kz-sexprosvet/>
- 2.«Жыныстық сауаттылық – бүгінгі күннің өзекті тақырыбы»
https://el.kz/zhynystyq-sauattylyq-bugingi-kunnin-ozekti-taqyryby_97590/.
3. 15-19 жас аралығындағы қыздардың 16%-ы алғаш рет жүкті болған»
<https://diapazon.kz/news/120312-16-devushek-15-19-let-beremeneli-hotya-biraz---statistika>.
4. "Қазақстан мектептеріне неге «жыныстық сауаттылық» сабақтары керек?"
<https://liter.kz/ispolzovali-paket-ot-chipsov-vmesto-prezervativa-zachem-shkolam-uroki-polovogo-vospitaniia-v-kazakhstane-1700739366/>
5. Қазақстандықтар қандай жыныстық жолмен берілетін инфекцияларды жиі жұқтырады?
<https://www.zakon.kz/obshestvo/6022052-ekspert-nazvalkakie-venericheskie-zabolevaniia-preobladaut-v-kazakhstane.html>
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы // https://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution